## "Turkistan Media Holding" ЖШС-нің кезектен тыс жиналысының №4_ ЖАРИЯ ХАТТАМАСЫ

**Түркістан қаласы** **28.06.2024 ж**

**Төрағасы:** Агыбаев Жанахмет Жанибекович

**Хатшы:** Рахматулла Әсет Нурланұлы

**Қатысқан адамдардың саны:** 26 адам

**Күн тәртібіндегі мәселе;**

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ жарлығына ақпараттық түсіндірме жұмысы туралы.

**Сөз сөйлеген:** "Turkistan Media Holding" ЖШС-нің бас директоры Агыбаев Жанахмет Жанибекович.

Құрметті әріптестер, Түркістан облысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Қазақстан Республикасының заңына сәйкес «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын мемлекеттік сатып алушы Рахматулла Әсет Нурланұлына сөз берді.

**Рахматулла.Ә.Н :** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 2 ақпандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекітті. Құжатта ағымдағы жағдайға талдау жасалып, алдағы жылдарда шешілетін міндеттер айқындалған. Тұжырымдама зардаптармен күрестен сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге тұтастай алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық экономикалық және беделі жағынан тиімсіз болатын жағдайларды жасауға бағытталған.

Осыған орай тұжырымдаманың негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша осы жиын өткізіп әр бір азаматымызға құжаттың мазмұнын комлеанс офицерлері түсіндіруде.

Қызметкерлерге бопсалау немесе қандай да бір заңсыз төлемдерді ұсыну қажет болған жағдайда, еліміздің әрбір азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке колл-орталықтың 1424 телефон нөмірі бойынша жүгініп, өзінің азаматтық борышын орындай алатындықтарын ескертті. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді тетіктерді қалыптастыру бойынша жүйелі шаралар қабылданып жатыр.

«Мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік ұйымдар қызметкерлерінің еңбекақысы корпоративтік сектормен салыстырғанда жеткіліксіз, бәсекеге қабілетті болып қалып отыр. Мемлекеттік функцияларды орындау кезінде мүдделер қақтығысының алдын алудың тиімді тетігі жоқ. Қолданыстағы декларациялау жүйесі шығыстар мен алынған кірістер арасындағы елеулі алшақтық фактілеріне жауап берудің тиімді құралдарымен дұрыс қамтамасыз етілмеген. Ұрланған мүлікті іздестіру, оларды бюджетке қайтару, мүліктің қылмыстық тегін дәлелдеудің қиындығына байланысты екінші жоспарда қалып отыр», - делінген құжатта.

Күнделікті өмірде азаматтар мен кәсіпкерлердің мемлекеттік органдар және ұйымдар өкілдерімен өзара әрекеттесуінен туындайтын тұрмыстық сыбайлас жемқорлық көптеген салаларда сақталуда. «Транспаренси Қазақстан» ҚҚ жүргізген «Сыбайлас жемқорлықтың 2020 жай-күйінің мониторингі» әлеуметтік зерттеуінің нәтижелеріне сәйкес сыбайлас жемқорлық тұрғысынан сезімтал органдар мен мекемелердің тізімі іс жүзінде жылдан жылға өзгермейді. Олардың қатарында мемлекеттік емханалар мен ауруханалар, полиция, жер қатынастары бөлімдері, Халыққа қызмет көрсету орталықтары, мемлекеттік балабақшалар мен жоғары оқу орындары бар. Сыбайлас жемқорлықтың басым легі пара алу фактілері бойынша көш бастап тұр. Шамамен соңғы үш жылда 50 пайыздан асты, делінген құжатта.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат:

1) баршаның заң алдындағы теңдігі және әділдік;

2) жариялылық, айқындық және қоғамға есеп беру;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы;

5) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;

6) тиімділік пен нәтижелілік;

7) сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінде оны қабылдамау;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау;

9) сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;

10) сапалы цифрлық трансформация қағидаттарына негізделеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту тәсілдері мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатын болады:

1) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;

3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру делінген құжатта

Жиналыс соңында мәселелер жан – жақты талқыланды, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауап берді.

Жиналыс төрағасы Агыбаев Жанахмет Жанибекович : Жиын барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасында тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа назар аударылғандығы, әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша парақорлықтың үлкен үлесі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықпен байланысты екенін де атап өтіп, халық арасында пара беру жолының азаймағандығы туралы кеңінен сөз қозғап, ерекше тоқталды. жиналысты қорытындылады.

**Жиналыс төрағасы:** **Агыбаев Жанахмет Жанибекович**

**Хатшы:** **Рахматулла Әсет Нурланұлы**